

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 16 наурыз N 573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2004.11.10. N 1471 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес және "Қазақстан-2030" Стратегиясының "Инфрақұрылым" ұзақ мерзімдік басымдығын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

3. "Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 52, 476-күжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшінен енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

Ескерту. Мәтінде сөздер алмастырылды- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

Астана, 2001

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 6 н а у р ы з д а ғ ы

№ 573 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту
Әзірлеу үшін негіз	"Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығы
Негізгі әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі
Іске асыру мерзімі	2001-2005 жылдар
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру Экономикада, мемлекеттік басқаруда, әлеуметтік салада перспективалы ақпараттық технологияларды, компьютерлік техника мен телекоммуникациялар құралдарын пайдалануға негізделген жаңа технологиялық укладтарды қалыптастыру Ақпарат және білім нарығын түзу Жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қоғамдық өндіріс жүйесінде ақпараттық инфрақұрылымның рөлін жоғарылату
Бағдарламаның негізгі іс-шаралары	Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымының нормативтік құқықтық базасын құру Ақпараттандыру саласында мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру Жаңа ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды енгізу

Ел халқының қалың жіктерінің Интернет желісіне қол жеткізуін қамтамасыз ету

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды басқару жүйесін жасау

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражат, жекеменшік инвестициялар

Күтілетін соңғы нәтиже Ақпараттық қызметтердің өркениетті нарығының қалыптасуы мен дамуы

Ақпараттандыру саласында бірыңғай нормативтік құқықтық база жасау

Ақпараттандыру саласында мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру

Халықаралық даму стандарттарын ескере отырып, ақпараттық жүйелер мен желілердің үйлесімділігін қамтамасыз ету

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды жасауға және пайдалануға бөлінетін бюджет қаражатын оңтайландыру

Отандық телекоммуникациялық техника құралдарының, ақпараттық өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар туғызу

Ақпараттандыру жобалары мен бағдарламаларына жекеменшік инвестициялар

т а р т у

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың осы бағдарламасы "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығына сәйкес Үкіметтің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 715 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Бірыңғай ақпараттық кеңістігі тұжырымдамасының ережелері ескеріле отырып, әзірленді.

Бағдарлама Тұжырымдама әзірленген сәттен бастап соңғы үш жылда ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы әлемдік даму үрдістері мен осы салада болған өзгерістерді ескереді.

Экономикалық қызметтің барлық түрлерін терең реформалау жүріп жатқан қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық сапалық тұрғыда жаңа даму кезеңіне өтуде. Коммуникациялар, Интернет пен информатика қызметтер мен өндірістің дәстүрлі салаларына адам айтқысыз жылдамдықпен ене отырып, құн түзілуінің экономикалық базасын түбегейлі өзгертуде. Тиімділіктің артуы, жоғары жылдамдық пен өндірістің икемділігі алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды енгізудің кейбір салдарлары ғана.

Өзгерістерді түйсіну жер-жерде орнын алғанына қарамастан, елдердің бәрі бірдей дамудың жаңа парадигмасына ілесе қойған жоқ. Нәтижесінде әлем қазіргі кезде екі сатыға (digital divide деп аталатын) бөлініп, алдыңғы қатарлы елдер жаңа салалардың қарқынды дамуы есебінен қалғандарынан ілгері озып кетуде. Мұндай бөлінудің салдары "екінші сатыдағы" елдер үшін апатты болып табылады. Бұл кәсіпорындардың экономикалық түсімі деңгейінің төмендеуі де, әлеуметтік дамудың кенжелеуі де, саяси ұстанымдардың әлсіреуі де болмақ.

Сонымен, Қазақстан үшін "екінші сатыға" түсуін қалай болдырмау және дамудағы алшақтықты азайту жөніндегі мәселе бой көтереді. Проблеманы шешу жолдарының бірі - экономика мен басқарудың барлық салаларында жаңа ақпараттық технологияларды жылдам енгізуді қамтамасыз ететін қуатты ұлттық инфрақұрылым жасау. Бұл жолды егжей-тегжейлі нақтылау, негізгі мақсаттарды, бағыттарды және 2001-2005 жылдарға арналған іс-шараларды айқындау - осы

Бағдарламаның міндеті.

Бағдарламада мынадай ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

ақпарат - табыс етілу нысандарына қарамастан адамдар, заттар, деректер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер;

құпия ақпарат - мемлекеттік құпиялар болып табылмайтын, бірақ оларға қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелген мәліметтерді қамтитын ақпарат;

қол жеткізу шектеулі ақпарат - жинаудың, өңдеудің, тарату мен пайдаланудың арнаулы режимі белгіленген ақпарат;

бұқаралық ақпарат - адамдардың шектеусіз тобына арналған баспа, дыбыс-, дыбысбейне және өзге де хабарлар мен құжаттар;

ақпараттық жүйе - ақпараттық процестерді іске асыруға арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілердің және оларды бағдарламалық-техникалық жағынан қамтамасыз ету құралдарының жиынтығы;

< * >

ақпараттық ресурстар - ақпараттық жүйелерде бар, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен біріктірілген және ақпаратты пайдаланушылардың мүдделілігін туғызатын, электрондық жүйелендірілген ақпарат (ақпараттық деректер базалары); < * >

ақпараттық өнім - пайдаланушылардың қажеттігін қанағаттандыру үшін даярланатын электрондық құжат және/немесе құжатталған ақпарат;

ақпараттық қызметтер - ақпараттық өнімдерді пайдаланушыларға олардың сұрау салуы немесе шарт бойынша беру жөніндегі қызмет;

ақпарат пайдаланушы - өзіне қажетті ақпаратты алу үшін ақпараттық жүйеге немесе делдалға жүгінетін және оны ақпараттың меншікшісі немесе иесі белгілеген тәртіпке сәйкес пайдаланатын субъект;

халықаралық ақпарат алмасу - ақпараттық өнімдерді Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы, соның ішінде почта байланысы мен ғаламдық ақпараттық желілерді пайдалана отырып беру;

ҰАИ - мынадай басты құрамдас бөліктерді қамтитын ұлттық ақпараттық инфрақұрылым:

1) тиісті ақпарат көздерінде белгіленген деректерді, мәліметтер мен білімді қамтитын ақпараттық ресурстар;

2) ҰАИ-дың қызмет етуі мен дамуын, атап айтқанда ақпарат жинауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды, іздестіру мен беруді қамтамасыз ететін ұйымдастыру құрылымдары;

3) азаматтар мен ұйымдардың ақпараттық өзара іс-қимылы және олардың бағдарламалық-техникалық құралдар мен ұйымдық-нормативтік құжаттарды қамтитын тиісті ақпараттық технологиялар негізінде ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құралдары.

Қазақстан Республикасының ҰАИ құрылуы мен дамуы әлемдік қоғамдастық ашық жүйелер тұжырымдамасы негізінде іске асыратын ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымның (Global Information Infrastructure - GII) қалыптасу процесінің бір бөлігі болып табылады.

Бағдарлама - екі базалық сектордағы терең өзгерістерге:

мемлекеттік секторда - деректердің ауқымды әрі икемді базасының, коммуникациялар жүйесінің, талдау мен шешімдер қабылдау құралдарының біртұтас организмі ретінде электрондық Үкімет (е-үкімет) түзуге;

сауда-саттық секторында - бизнестің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуде ішкі және ғаламдық нарықтардың жаңа мүмкіндіктерін барынша пайдалануға жағдай жасайтын кең ауқымды электрондық сауда-саттықты (е-сауда-саттық) енгізуге алғашқы қадам болып табылады.

Осы Бағдарлама ҰАИ-дың дамуы негізінен жекеменшік құрылымдар пайдалану мақсатында әр алуан ақпараттық өнімдер мен технологияларды жасап шығаратын нарықтық тетіктер есебінен қамтамасыз етілетіндігіне негізделеді. Мемлекеттік органдардың іс-қимылдары мынадай негізгі салалардағы мәселелерді шешуге бағытталады:

ҰАИ-ды дамытуға жәрдемдесетін ашық, әділетті нормативтік базаны жасау;

халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық ұйымдар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ҰАИ-ға әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз ету. Жалпы түрде әмбебап қол жеткізу дегеніміз - кез келген субъектінің кез келген сәтте, кез келген жерде ҰАИ-дың кез келген ақпараттық ресурстарына жүгіну мүмкіндігі;

субъектілердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ҰАИ-дың ақпараттық ресурстарын қорғау;

мемлекеттік билік органдары қабылдаған шешімдердің тиімділігі мен үйлесімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдарды ақпараттық қамсыздандыру;

электрондық оқу мекемелері мен кітапханаларды жасауды қолдау есебінен халықтың білім деңгейін арттыру;

электрондық сауда-саттықты дамыту;

ауқымды бастапқы шығындарды талап ететін немесе қысқа мерзімде пайда түсірмейтін жобаларға қатысу.

Бағдарлама негізінен ҰАИ-ды қалыптастырудың технологиялық және ұйымдық аспектілерін қарастырады. Бұқаралық ақпаратты алуды, табыс етуді (жариялауды) және таратуды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат саласына жататын мәселелер бұқаралық ақпарат құралдары туралы және мемлекеттік құпиялар туралы заңнамамен реттеледі. Зияттық меншік мәселелері авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңнамамен реттеледі.

Ескерту. 2-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

3. Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымының жай-күйін талдау

Әмбебап қол жеткізу. ҰАИ-ға қол жеткізу үшін қажетті Қазақстан телекоммуникациялық жүйелерінің жай-күйі негізінен орташа әлемдік деңгейге сәйкес келеді, кең ауқымды қызметтер (Интернетке қол жеткізу) іс жүзінде барлық қалалар мен аудан орталықтарында көрсетіледі.

Алайда ҰАИ-ға қол жеткізу үшін әрбір пайдаланушыға едәуір қымбат тұратын дербес компьютер, модем тәрізді техникалық құралдар қажет. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар қажетті техникалық жарақтану деңгейіне ие, ал жеке пайдаланыста әр түрлі бағалауға сәйкес барлығы 30-50 мың компьютер бар, яғни бұл орташа статистикалық отбасылардың 1-2%.

Мемлекеттік органдарды ақпараттық қамсыздандыру. Мемлекеттік органдардағы Қазақстан Республикасында пайдаланылатын және әзірленетін ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерге талдау ҰАИ-ға интеграциялану

тұрғысынан олардың бәрінің дерлік елеулі кемшіліктері бар екенін көрсетеді.

Әр алуан, көбінде ескірген бағдарламалық-аппараттық құралдар мен біріздендірілмеген шешімдер негізінде жасалған ақпараттық жүйелер, негізінен, жекелеген құрылымдардың мүдделеріне жұмыс істейді және тек қана ведомстволық міндеттерді шешеді. Әр ведомство өзінің ақпараттық жүйелерін әзірлеп, қолдап отырады. Олар басқа ведомстволардың жүйелерімен ешқандай өзара әрекет жасамайды және де барлық мүдделі пайдаланушылардың ақпаратқа қол жеткізуіне тіпті де мүмкіндік бермейді. Мұның өзі, әдетте, деректердің қосарлануына, жүйелерді әзірлеу мен пайдалану жөніндегі жұмыстардың қымбаттауына алып келеді, бастапқы ақпарат жинауды және оны тиісті күйінде ұстап тұруды қиындатады.

Мысал ретінде заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі деректер базасының жай-күйін келтіруге болады. Заңды тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің деректер базасы республиканың әділет, статистика, салық және басқа да мемлекеттік органдарында пайдаланылады. Осынау деректер базаларының баршасы әр қилы тұғырларда іске асырылған, толықтыру мен ұйымдастырудың, тіркеу, есепке алу идентификаторларын берудің түрлі тетіктерін пайдаланады. Республиканың жекелеген облыстарында жүргізілген талдау осы базаларда тіркелген заңды тұлғалардың 50%-нен аспайтындары бойынша ғана деректердің сәйкесетіндігін көрсетті.

Ақпараттық қауіпсіздік. ҰАИ субъектілерінің ақпараттық қауіпсіздігі мен ақпараттық ресурстарын қорғау мәселелері қазіргі таңда ақпарат қорғаудың халықаралық стандарттары мен алгоритмдері негізінде шешілуде. Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес отандық техникалық талдамалар мен стандарттарды жасау жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Халыққа білім беру. "Интернет - мектептерге" бағдарламасы едәуір табысты даму үстінде, ол жер-жерлерде мектептерді Интернет желісіне қосуға бағытталған. Алайда "Қазақстандық Интернеттің" ақпараттық ресурстарында электрондық оқу мекемелері мен кітапханалар жоққа тән. Оның үстіне, Интернеттегі мектептердің жұмысын талдау негізінде "Қазақстандық Интернет" оларды іс жүзінде қызықтырмайды деп топшылауға болады.

Электрондық сауда-саттық. Бұл саладағы ақпараттық ресурстар негізінен Алматыда шоғырланып отырған және оның тұрғындарына қызмет ететін бірнеше Интернет-магазиндермен және нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін электрондық астық биржасымен шектеледі. Сауда-саттық өнімдері мен қызметтері туралы ақпаратты негізінен компьютерлік технологиялар мен телекоммуникациялар саласында маманданған фирмалар ұсынады.

Сонымен, республикада ақпараттық инфрақұрылымның негізгі құрамдас бөліктері тиісінше дамымай отыр.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

1) табиғи ресурстар, еңбек пен капитал нарықтарына қосымша өндіріс факторлары ретінде ақпарат және білім нарығын түзу;

2) жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және демократиялық дамудың аса маңызды шарты ретінде ақпаратты алудың, тарату мен пайдаланудың еркін және тең құқылы тиімді жүйесін жасау;

3) халықаралық, ұлттық және аймақтық деңгейлерде ақпарат алмасу мүмкіндіктерін кеңейту есебінен халықтың білім деңгейін, қоғамның ғылыми-техникалық және мәдени даму деңгейін көтеру және тиісінше, еңбек нарығының аса маңызды сипаттамалары ретінде кәсіби біліктілік пен шығармашылық қабілеттердің рөлін арттыру;

4) мемлекеттік басқаруда, экономикада, бизнесте, мәдениет пен әлеуметтік салада ақпараттық технологияларды, компьютерлік техника құралдары мен телекоммуникацияларды жаппай қолдануға негізделген жаңа технологиялық укладтарды қалыптастыру;

5) мемлекеттік органдардың қызметінде ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану.

Осы мақсаттарға сәйкес 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бірінші кезектегі міндеттері мыналар болып табылады:

1) ақпараттық қоғам субъектілерінің өзара қарым-қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

ҰАИ-ды қалыптастыру және дамыту саласындағы стандарттарды қамтитын қажетті нормативтік құқықтық базаны жасау;

2) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арнап бекітілген мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік ақпараттық қауіпсіздік саласында нормативтік, құқықтық және әдістемелік базаны әзірлеу және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сертификатталған отандық құралдарын пайдалануға бірте-бірте көшу;

3) әлеуметтік немесе географиялық жағдайына қарамастан, барлық тұтынушылардың қолы жететін тиісті сапалы телекоммуникациялар қызметтерінің ең аз жиынтығын қамтамасыз етуді;

нормативтік, құқықтық, анықтамалық, кітапханалық және басқа да ақпараттық ресурстарға кеңінен қол жеткізілуін ұйымдастыруды; Internet ғаламдық желісінің ұлттық бөлшегін (сегментін) дамытуды; бағдарламалық қамсыздандырудың отандық индустриясын дамытуды қоса алғанда, елдің экономикасы мен әлеуметтік саласында ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейін арттыруға жағдай туғызу;

4) мемлекеттік органдарды:

ұжымдық реттелетін қол жеткізу деректерінің ведомствоаралық базаларын ақпараттық нарықтың барлық қатысушыларының ведомстволық тиесілілігі, ұйымдық және меншік нысандарын ескерусіз, толықтыруы әрі пайдалануы мүмкіндіктерін қоса әзірлеу, пайдалануға беру және интеграциялау;

мемлекеттік органдардың желілік инфрақұрылымын жасау және оларды кешенді ақпараттандыру;

ҰАИ-дың бөлшегін бірнеше мемлекеттік органдар шеңберінде іске асыру есебінен ақпараттық қамсыздандыру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетіктері

Қоғамда терең өзгеріс жүргізудегі мемлекеттің жетекші рөлін және "Қазақстан-2030" Стратегиялық бағдарламасының міндеттерін ескере отырып, ҰАИ-ды қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру процесінде мынадай негізгі бағыттарды ұстану қажет:

1) ҰАИ-ды ақпараттық ресурстардың тасымалдылығын, өзара байланысы мен ауқымдылығын қамтамасыз ететін ашық жүйелер принциптерінде құру;

2) ақпараттандыру құралдары мен жүйелерін стандарттау, біріздендіру және сертификаттау;

3) ақпараттың күллі тұтынушылар мен жеткізушілері үшін ҰАИ-дың ресурстарына реттелетін әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету;

4) мемлекет тарапынан құқықтық реттеу мен мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарының қол жетімділігі негізінде ҰАИ-дың өзін-өзі ұйымдастыруы;

5) ақпараттық технологияларда мемлекеттік (қазақ) тілдің пайдалану аясын кеңейту;

6) бұрын жасалған ақпараттық жүйелерді пайдалану және қолда бар бағдарламалық кешендерді, деректер базалары мен қызметкерлерді жаңа аппараттық-бағдарламалық тұғырларға көшіру;

7) ақпараттық ресурстарды есепке алу, тіркеу және олардың құрамы, орналасуы мен пайдалану шарттары туралы ақпаратқа барлық мүдделі ұйымдар

мен азаматтар үшін реттелетін қол жеткізуді қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзу, пайдалану және қорғауға арналған бюджет қаражатының шығындарын оңтайландыру;

9) елдің ақпараттық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Бағдарламаны іске асыру мынадай тетіктер арқылы жүзеге асырылатын болады:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жасау.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету саласында мыналар әзірленіп, қабылдануға тиіс:

1) заң актілері, олар:

ҰАИ-ды құру процесін мемлекеттік қолдаудың, басқару мен реттеудің құқықтық негіздерін белгілейді;

мемлекеттің, ұйымдар мен жекелеген азаматтардың ақпаратқа құқықтарын бекітеді;

ақпараттық ресурстар түзу мен тарату процесінде ҰАИ-дың субъектілерінің қарым-қатынастарын реттейді;

ақпараттық технологиялар, өнімдер мен қызметтер нарығының жұмыс істеуінің құқықтық режимін белгілейді, мемлекеттік, сол сияқты беймемлекеттік секторларда ақпараттандырудың нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруды және оны ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға қосуды қамтамасыз етеді;

2) ақпараттандыру саласында бірыңғай мемлекеттік стандарттар жүйесін әзірлеуді, қабылдау мен пайдалануды реттейтін нормативтік актілер;

3) республикада электрондық құжаттың, электрондық қолтаңбаның, электрондық мұрағаттың құқықтық мәртебесін айқындайтын электрондық құжат айналымы мен басқа да қағазсыз технологияларды енгізудің нормативтік базасы;

4) ақпараттандыру құралдары мен жүйелерін сертификаттау жөніндегі нормативтік әдістемелік база.

2. Ғылыми-әдістемелік базаны жасау.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлігінде мыналар жүзеге асырылуға тиіс:

1) ақпараттандыру саласында ашық жүйелер тұжырымдамасы шеңберінде стандарттарды таңдау және әзірлеу;

2) мемлекеттік және беймемлекеттік салаларда корпоративтік ақпараттық жүйелерді жасау мен жетілдіру жөніндегі, осы жүйелердің ҰАИ-ға автоматты түрде қосылуына кепілдік беретін ұйымдық-әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

3) ақпараттық технологиялар саласында мамандар даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі шаралар.

3. Ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану.

Ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану саласында мыналар жүзеге асырылуға тиіс:

1) мемлекеттік, беймемлекеттік және аралас ақпараттық ресурстарды ұстаушы ұйымдар бойынша және олар тарататын ақпараттық өнімдер мен ұсынатын ақпараттық қызметтер түрлері бойынша мәліметтерді қамтитын мемлекеттік тізілімді жасау;

2) барлық санаттағы пайдаланушылардың ақпараттың ашық бөлігіне еркін реттелетін қол жеткізуі мен беймемлекеттік құрылымдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялану мүмкіндігін қамтамасыз ететін дербес жүйе түзуші ведомствоаралық, салалық және аймақтық деректер базаларын жасау және жүргізу;

3) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды әр түрлі қатерлерден қорғау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жекеменшік корпоративтік ақпараттық жүйелер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды жасау;

4) мамандандырылған орталықтар жүйесін құрайтын мемлекеттік ақпараттық жүйелер депозитарийлерін құру, олар тиісті аумақтар мен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің эталондарын сақтауды қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік басқару органдарының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және пайдалану.

Мемлекеттік басқару органдарының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және пайдалану саласында пайдаланылатын және құрылатын ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтер базасында осы органдардың қызметін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету (электрондық құжат айналымы жүйелері, бейне- конференциялар жүйелері, ілеспе аударма жүйелері, электронды дауыс беру жүйелері, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, оның ішінде геоақпараттық жүйелерді пайдаланып, геоақпараттық жүйелерді пайдалана отырып шешімдер қабылдауды қолдаудың ақпараттық-талдау жүйелері ақпараттық қауіпсіздік жүйелері және басқалар) жүзеге асырылуға тиіс.

< * >

Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері ақпараттық ресурстарды қорғауды және ақпараттық өзара іс-қимыл субъектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік органдарда байланыс және ақпараттандыру құралдарын пайдалану мен қызмет көрсету жөніндегі ведомствоаралық орталықтандырылған қызметтерді дамыту қажет.

2001-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі негізгі күш-жігер ҰАИ-дың базалық

жүйе түзуші буындарын жасауға және дамытуға бағытталуға тиіс, олардың ұйтқысы жекелеген мемлекеттік органдардың қолданыстағы және әзірленіп жатқан ақпараттық-есептеу жүйелері, жалпы пайдаланыстағы деректердің жұмыс істеп тұрған базалары мен банктері, телекоммуникациялық жүйелер мен желілер болып табылады. Олардың үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын, ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарын ақпарат таратудың дәстүрлі құралдарымен ұштастыру, ақпарат нарығының барлық қатысушыларының ақпаратқа реттелетін әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

6. Мақсатты шағын бағдарламалар

Бағдарламаны іске асыру мынадай шағын бағдарламаларды орындау жолымен жүзеге асырылады:

1-Шағын бағдарлама. Ақпараттық жүйелердің жай-күйінің мониторингі

Шағын бағдарламаны іске асырудың негізгі мақсаты ақпараттандыру саласында тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құру болып табылады. <*>

Мониторингтің негізгі объектісі бірінші кезекте мемлекеттік ақпараттық жүйелер болуға тиіс, ол кейіннен ерікті негізде коммерциялық құрылымдар жүйелеріне қолданылады. <*>

Шағын бағдарлама шеңберінде:

әзірленуі республикалық бюджеттен қаржыландырылатын күллі бағдарламалық қамсыздандыруды, деректер базалары мен телекоммуникациялық деректер беру жүйелерін міндетті түрде тіркей отырып, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімін жасау; <*>

мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің ерікті тіркелу мүмкіндігін көздеу және ақпараттық өнімдерін тіркеу олардың беделі мен коммерциялық құндылығын арттыратындай мемлекеттік тізілімнің жұмыс істеу шарттарын ж а с а у ; < * >

ақпараттық жүйелер мен оларды қорғау құралдарын, сондай-ақ қол жетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын және өңдейтін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді қалыптастыру мен пайдалану кезінде қолданылатын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сертификаттау тетіктерін және ақпараттандыру саласындағы стандарттау тетіктерін әзірлеу; <*>

мемлекеттік тізілімді жүргізу ережелерін әзірлеу және оған қол жеткізу тәртібін, оны жаңартып отыру рәсімдері мен кезеңділігін, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдары мен басқа да мүдделі тараптар үшін талдау есептерін дайындау және тарату регламентін айқындау. Мемлекеттік тізілімнің деректер

базасының үзіктері мен жалпы сипаттағы талдау материалдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Web-сайтының тиісті бөлімдерінде жариялануға тиіс; аумақтар мен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің эталондарын сақтауды қамтамасыз ететін әрі ақпараттық рыноктың басқа да қатысушыларына ерікті шартты негізде тиісті ақпараттық қызметтер көрсететін мемлекеттік ақпараттық жүйелердің депозитарийін жасау.

Шағын бағдарламаның атқарушысы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Премьер-Министрі Кеңесімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі.

< * >

Орындалу мерзімі - 2001-2005 жыл.

Шағын бағдарламаны қаржыландыру көзі - республикалық бюджет.

3 жылға есептелген пайдалану шығыстарын қоса алғанда, шағын бағдарламаны қаржыландыру көлемінің шамасы - 160 000 000 теңге.

Шағын бағдарламаның негізгі іс-шаралары:

мемлекеттік тізілімнің жұмыс істеу ережелері мен регламентін әзірлеу;
ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімін жүргізу жүйесін қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу; <*>
есептеуіш техника мен жүйелі бағдарламалық қамсыздандыру құралдарын с а т ы п а л у ж әне и н с т а л л я ц и я ;
ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімі мен депозитарийлерінің тұрақты негізде жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Шағын бағдарламаны іске асыру:

Мемлекеттік және жекеменшік ақпараттық ресурстар туралы ақпаратқа тең құқылы р е т т е у л і қ о л ж е т к і з у д і ;

әзірленетін ақпараттық жүйелердің сапасын арттыруды әрі мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың ақпараттық технологияларға инвестициялайтын қаражатының т и і м д і п а й д а л а н ы л у ы н ;

мемлекеттік тізілім деректерін ұдайы талдау негізінде ақпараттық ресурстардың қ а у і п с і з д і г і м е н қ о р ғ а л у ы н ;

ақпараттық жүйелерді бағдарламалық қамсыздандыруды етудің сақталуы мен таралуын қамтамасыз етеді.

2-Шағын бағдарлама. Деректердің электрондық алмасу стандарттарын жасау

Шағын бағдарлама шеңберінде стандартты:

телекоммуникациялар желілері бойынша деректерді беру хаттамалары;
ақпараттық жүйелер арасында берілетін деректерді ұсыну форматтары;

оқиғаларды хаттамалау құралдары;

электрондық алмасу процесінде деректерді рұқсатсыз пайдалану мен бұрмалаудан қорғау тетіктері бекітілуге немесе әзірленуге тиіс.

Осы шағын бағдарламаны енгізу қолданыстағы ақпараттық жүйелерді талдау негізінде және басқа шағын бағдарламалармен байланыста кезең-кезеңмен жүргізілуге тиіс.

Шағын бағдарламаның атқарушысы - Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және қоғамдық ұйымдармен (байланыс операторлары кеңесімен, байланыс операторлары қауымдастығымен) келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі. <*>

Шағын бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2001-2005 жыл.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны - 40 000 000 теңге.

Шағын бағдарламаны қаржыландыру көздері - республикалық бюджет қаражаты.

Шағын бағдарламаны іске асыру халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық ұйымдар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ҰАИ-ға әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

3-Шағын бағдарлама. Электрондық сауда-саттықты, аукциондар мен тендерлерді енгізу

Бизнесті электрондық жүргізуді, электрондық сауданы, электрондық қаржыны дамыту әлемдік экономика дамуының ғаламдық бағыттарының бірі болып табылады.

Шағын бағдарлама шеңберінде:

бизнесті электрондық жүргізу, электрондық сауда, электрондық қаржы тетіктері мен ережелерін әзірлеп, енгізу қажет, олар мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз ету есебінен елде жалпы коммерция мәдениетін, компанияның немесе бизнестің нақты қайда орналасқанына қарамастан, іскерлік өмірге араласу ықтималдығын арттыруға мүмкіндік береді. Шағын бағдарламаны іске асыру кезінде электрондық сауда-саттықтың, өзекті коммерциялық ақпарат пен қызметтерді басқаша жолдармен алу қиындыққа түсетін, шағын қалалар мен ауылдық аудандарда тең құқылы таралуына ерекше назар аударылуға тиіс;

мемлекеттік сатып алу саласында конкурстық негізде жүзеге асырылатын электрондық аукциондар мен тендерлер тетігін енгізу қажет, мұның өзі олардың транспаренттігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік етеді.

Шағын бағдарламаның атқарушысы - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі. <*>

Шағын бағдарламаның негізгі іс-шаралары:

электрондық сауда-саттық саласында нормативтік құжаттарды әзірлеу;

Қазақстан Республикасында жалпы пайдаланыстағы электрондық төлем жүйелеріне қойылатын талаптарды түзу;

"Мемлекеттік сатып алу электрондық агенттігі" Web-сайтын әзірлеп, іске қ о с у ;

техникалық және жүйелі бағдарламалық қамсыздандыру құралдарын сатып а л у ж ә н е и н с т а л л я ц и я .

Шағын бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2001-2005 жыл.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны - 70 000 000 теңге.

Қаржыландырудың негізгі көздері - республикалық бюджет.

4-шағын бағдарлама. Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын жасау

Қазақстан Республикасының ҰАИ-ын қалыптастырудың қажетті шарты мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын жасау болып табылады.

Ш а ғ ы н б а ғ д а р л а м а :

1) мемлекеттік органдардың Web-сайттарын жасауды көздейді.

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттік органдар өз күшімен, не халықаралық қаржы ұйымдарының көмегімен, не келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін кәсіби компаниялардың күшімен Web-сайттар жасайды. Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының халықаралық ақпараттық қауымдастық алдындағы беделін көтереді.

Қазіргі бар сайттардың мынадай кемшіліктерін атап өтуге болады:

сайттардың көпшілігінің аяқсыздығы - көптеген ақпараттық бөлімдер айлап әзірленеді немесе жаңартылмайды, жарияланатын ескірген ақпарат пайдаланушыларды жаңылуға ұрындырады;

мемлекеттік ұйымдардың сайттарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың ж о қ т ы ғ ы ;

ағылшын тіліндегі ақпараттың жоқтығы ақпаратты пайдаланушылар санын күрт қысқартады әрі оның ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымда таралуын қ и ы н д а т а д ы ;

мемлекеттік органдар пайдаланатын бағдарламалық-ақпараттық жүйелер мен телекоммуникациялық құралдардың жеткіліксіз өнімділігі тұтынушыларға қ о л а й с ы з д ы қ т у ғ ы з а д ы ;

басқа мемлекеттік органдардың сайттарына сілтемелердің жоқтығы ақпарат навигациясы мен іздестіруді қиындатады.

Шағын бағдарламаны іске асыру үшін:

мемлекеттік органдардың құзырындағы сайттардың техникалық сипаттамаларына, тілдік қолдауға, қамтылған ақпараттың өзектілігіне, міндетті сілтеме бөлігіне және басқаларына қойылатын типтік талаптарды белгіленген т ә р т і п п е н ә з і р л е у ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Web-сайтын, оны ұластыруға, сондай-ақ өзекті дұрыс ақпаратты уақтылы беруге жауапты органдарды айқындай отырып,

ақпарат құралдарының ақпараттық ресурстары базасында құрылуға тиіс

5) Әкімшілік-басқару жүйелерінің үлгі жобалық шешімдерін жасау.

Әкімшілік-басқару бағдарламалық өнімдеріне заңнама бойынша ақпараттық жүйелер және экономикалық мақсаттағы ведомстволық жүйелер (қызметкерлерді басқару, есеп айырысу және еңбекақы төлеу, бухгалтерлік есеп және басқалары) жатады.

Мемлекеттік органдарда пайдаланылатын әкімшілік-басқару бағдарламалық өнімдерінің жай-күйін талдау негізінде:

мемлекеттік органдарда пайдалану үшін жалпы мақсаттағы стандартты бағдарламаларды сертификаттау мен іріктеу жүргізу;

сертификатталған әкімшілік-басқару жүйелерінің негізінде мемлекеттік органдарды басқару саласын ақпараттандыру жөнінде үлгі шешімдер әзірлеу;

деректердің құқықтық базаларын әзірлеушілердің өзекті құқықтық ақпаратты алуының тәртібін айқындау және бұл базалардың белгілі бір тәртіпке сәйкестігін ескере отырып, оларды сертификаттау;

б) мемлекеттік органдар үшін бірыңғай сервер орталығын құру.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру үшін тек ақпараттық-телекоммуникациялық жабдықтар сатып алу ғана емес, сонымен бірге оны монтаждау, орнату, сапалы техникалық және ақпараттық сүйемелдеу талап етіледі, бұл мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарына шектеулі және санатталған қолжетімділікке, олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды арттыруға әкеп соғады. Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттік органдарға аумақтық жақын орналасқан жеке режимдік ғимарат салуды көздейтін мемлекеттік органдар үшін бірыңғай сервер орталығын құру қажет. Сервер орталығында осы Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру және сүйемелдеу жөніндегі аппараттық-ұйымдастыру кешені орналасатын болады. Бірыңғай сервер орталығын құру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін көздеу және мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар резервтік ақпарат қоймасын құру жөнінде зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру қажет. <*>

Шағын бағдарламаны іске асыру:

мемлекеттік органдарды сапалы ақпаратпен қамтуды;

электрондық құжат айналымына қатысушылардың барлығы үшін ақпараттық қауіпсіздікті;

мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық қарасты білім беру және мәдениет мекемелеріне тиесілі нормативтік, анықтамалық, библиографиялық ақпаратқа еркін қол жеткізу есебінен халықтың білімі мен хабардарлық деңгейін көтеруді;

ақпараттық технологияларды әзірлеу мен енгізу нарығында салауатты бәсекелестік туғызуды қамтамасыз етеді.

Шағын бағдарламаны атқарушылар - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар. <*>

Шағын бағдарламаның орындалу мерзімі - 2001-2005 жылдар.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны - 9 000 000 000 теңге.

Қаржыландырудың негізгі көздері - республикалық және жергілікті бюджеттер, гранттар, жекеменшік инвестициялар.

5-шағын бағдарлама. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциялануы <*>

Ұлттық банк, қазынашылық, салық, кеден қызметтерінің, заң органдарының және жер ресурстарын басқару жөніндегі органдардың, зейнетақымен қамсыздандырудың қолданыстағы және енгізіліп жатқан ақпараттық жүйелерінің негізінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына жауап беретін мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық жүйелерін құру қажет. <*>

Мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінің интеграциялануының мақсаты шығындарды оңтайландыру, жүйелерді құруға деген бірыңғай тұрғыны тұжырымдап, оларды пайдалану мен ұластыруда еңбек көлемін қысқарту болып табылады. <*>

Шағын бағдарлама аясында барлық мемлекеттік органдардың интеграцияланған жүйелерінің өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу қажет. <*>

Бірінші кезеңде негізіне ақпаратты интеграциялау принциптері салынған жүйелер - Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізілімі және интеграцияланған салық ақпарат жүйесі (ҚР ИСАЖ) негізге алынуға тиіс. Бұл жүйелерді басқа да мемлекеттік органдарының жүйелеріне интеграциялау жөнінде басталған жұмыстарды жалғастыру қажет. <*>

Жүйелерді жасау жөніндегі жұмыстар кез келген мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру мемлекеттік органдарының функционалдық міндеттерін орындауына әсерін тигізбеуге тиіс екендігін ескере отырып жүргізілуі қажет. <*>

Шағын бағдарлама:

жұмыстарды орындау үшін жоғары ақы төленетін білікті мамандарды тартуға мүмкіндігі бар, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін ұластыру мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органды айқындауды;

мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялаудың тұжырымдамасын әзірлеуді;

мемлекеттік органдарының бүгін таңда қолда бар ақпараттық жүйелерін бірыңғай ақпараттық ортаға біріктіруді; <*>

ведомстволық ақпараттық жүйелер беріп тұратын ақпаратты салғастыру мен

толықтыру тетіктерін жасау және оларды оқтын-оқтын жаңартуды;
барлық мүдделі тұтынушылар үшін интеграцияланған ақпаратқа реттеулі қол жеткізуді қамтамасыз етуді;

қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеуді, техникалық және жүйелі бағдарламалық қамсыздандыру құралдарын сатып алуды және инсталляцияны көздейді.

Шағын бағдарламаны атқарушылар - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар. <*>

Жұмыстардың орындалу мерзімі - 2002-2003 жылдар.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны 1 300 000 000 теңге.
Қаржыландырудың негізгі көзі - республикалық бюджет.

6-шағын бағдарлама. Мемлекеттік деректер базасын құру

1. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы

Республикада тіркеу нөмірлерін беретін (туу туралы куәліктегі нөмір, жеке басының куәлігіндегі нөмір, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі нөмір) және әр түрлі ведомстволарға тиесілі бірнеше тіркеу жүйелері жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды тіркеудің қолданылып жүрген рәсімдері ақпараттың қосарлануын жоққа шығармайды.

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасын құрудың мақсаты жеке тұлғаларды тіркеу жүйелерін құру мен жұмыс істеуін үйлестіру болып табылады.

Шағын бағдарлама аясында:

1) жеке тұлғаларды АХАТ-та, төлқұжат столдарында, әлеуметтік сақтандыру, медициналық қамсыздандыру, зейнетақымен қамсыздандыру, салық және басқа да қызметтер салаларында тіркеудің күллі жүйелерін, бірыңғай қисынмен біріктіру;

2) жеке тұлғаның бірыңғай тіркеу кодын енгізу;

3) қажетті күллі ақпаратты алуға мүмкіндік беретін электрондық сәйкестендіру құжатын жасау (әлеуметтік сәйкестендіру коды, күллі тіркеу деректері, медициналық мағлұмат, салық төлеуші коды, зейнетақы шоты және т. б.);

4) пластикалық карточкалардың транзакцияларын өңдеудің бірыңғай процестік орталығының базасында бірыңғай тіркеу коды мен электрондық сәйкестендіру құжатын қолдауды қамтамасыз ететін көмекші ақпараттық инфрақұрылым жасау қажет.

2. "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы

Жеке тұлғаларды тіркеу жөніндегі ахуалды түбегейлі жақсарту үшін

айқындалған негізгі міндеттерді "Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасын жасауға қатысты қою қажет.

3. "Қазақстанның ресурстары" мемлекеттік деректер базасы

Қазақстан Республикасының ҰАИ-ын құру шеңберінде "Қазақстанның ресурстары" мемлекеттік деректер базасын (жер және жер қойнауы, картографиялық деректер, жылжымайтын мүлік, жылжымалы мүлік, тауарлар мен қызметтер, зияттық меншік, қаржы және басқалар) жасау және жүргізу.

Осы деректер базасын жасау мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1) мыналардың:

мүлік салығын жинаудың қарапайым, бақыланатын және болжанатын рәсімін енгізу;

салық ставкалары өзгерген жағдайда салық ахуалын модельдеу үшін салық төлеудің типтері мен мерзімдері жөніндегі болжам есептерін автоматты түрде генерациялау;

тауарлар мен қызметтер сатқаннан кейін кәсіпорындардан түсетін салық төлемдерін болжау;

салық жинау процесін автоматты түрде бақылау есебінен бюджетке түсімдердің ұлғаюына;

2) отандық кәсіпкерлердің өндірілетін тауарлар мен қызметтер туралы ақпарат алуы және мәліметтерді орналастыруы үшін республика ресурстарының деректер базасына қол жеткізуді беру арқылы қолдау көрсету;

3) Қазақстанның ресурстарын басқару мен пайдаланылуын бақылауды пайдалануды жақсарту.

Шағын бағдарламаны атқарушылар - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар. <*>

Бағдарламаның негізгі іс-шаралары:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік деректер базаларын жасау, жүргізу және пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу;

мемлекеттік деректер базаларына қол жеткізу регламентін әзірлеу;

мемлекеттік деректер базаларын жүргізудің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін әзірлеу;

мемлекеттік деректер базаларын пайдаланушылардың әр түрлі санаттарын оқытуды ұйымдастыру;

техникалық және жүйелі бағдарламалық қамсыздандыру құралдарын сатып алу және инсталляция, мемлекеттік деректер базаларын қолдау орталығын құру.

Шағын бағдарламаны іске асыру мерзімі - 2002-2003 жылдар.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны - 9 000 000 000 теңге.

Қаржыландырудың негізгі көзі - республикалық бюджет.

7-шағын бағдарлама. Дамудың әлеуметтік-экономикалық мониторингі

Дамудың әлеуметтік-экономикалық мониторингін жүзеге асыратын жүйелерді жасау деректерді талдау мен статистикалық өңдеу мақсатында мынадай принциптерге негізделеді:

мониторинг экономикадағы және әлеуметтік саладағы қолайсыз процестерді уақтылы анықтау, алдын алу және жою үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде объектілерді (немесе субъектілерді) бақылау жүйесін білдіреді;

мониторинг зерделенетін объектілер бойынша үздіксіз дүркін-дүркін ақпарат жинау әдісімен және оны негізгі статистикалық, экономикалық, әлеуметтік, бухгалтерлік, салық және өзге де көрсеткіштер бойынша жіктелген орталықтандырылған деректер базасына енгізу арқылы жүзеге асырылады;

талдаудың есептілік нысандарын мониторинг, талдау және статистикалық өңдеу жүргізетін мемлекеттік органдар әзірлейді;

статистикалық нәтижелерді талдау мен өңдеу деректерді базадан түрлі алгоритмдер бойынша, кейіннен деректерді бейнелеу, соның ішінде графикалық та арқылы таңдап алу жолымен жүргізіледі.

Шағын бағдарламаны енгізуде мынадай міндеттерді шешу қажет:

мұндай жүйелерді құрудың жалпы принциптерін айқындау мақсатында мониторингтің қолданылып жүрген жүйелерін талдау;

мемлекеттік және беймемлекеттік құрылымдар одан әрі талдау және статистикалық өңдеу үшін мониторинг жүйелерін пайдалану ережелері мен регламентін әзірлеу;

мониторинг жүргізу үшін пайдаланылатын, жасалып жатқан және қолданылып жүрген деректер базасының ақпаратына реттеулі қол жеткізудің үлгі тетіктері мен интерфейстерін әзірлеу және енгізу, соның ішінде олардың негізінде шешімдерді қабылдауды қолдау жүйелерін құру;

мониторинг жүйелерінің деректер базасына жедел түрде енгізу үшін телекоммуникациялық арналар бойынша ақпаратты жинау мен берудің қауіпсіз әмбебап тетіктерін әзірлеу;

техникалық және бағдарламалық қамсыздандыру құралдарын сатып алу және инсталляция, мониторингті қолдаудың аймақтық орталықтарын құру;

мониторинг жүйелерін геоақпараттық жүйелерге байластыру.

Шағын бағдарламаның атқарушылары - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар. < * >

Шағын бағдарламаның орындалу мерзімі - 2003-2005 жылдар.

Шағын бағдарламаның шамамен алынған құны - 190 000 000 теңге.

Қаржыландырудың негізгі көздері - республикалық бюджет, жекеменшік инвестициялар.

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

7. Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарлама бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың көзі республикалық бюджеттен ақпараттандыру саласында жұмыстар жүргізу үшін министрліктер мен агенттіктерге бөлінген қаражат бо л ы п т а б ы л а д ы . < * >

Бағдарлама шеңберінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жобаларын әзірлеу мен іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттен жыл сайын бөлінетін қаражат шегінде қаржыландырылады .

Бағдарламаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі басым жобаларды айқындайтын іс-шаралар жоспарын, оларды әзірлеу мен енгізудің нақты мерзімдерін әзірлеп, бекітетін болады.

Бұған қоса, Бағдарламаны іске асыру үшін банк кредиттерін, халықаралық қаржы ұйымдары мен басқа да донорлардың гранттарын қоса, жекеменшік инвестициялар тартылатын болады.

Негізгі жобалардың аяқталуын ескере отырып, ("Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Қазақстан ресурстары" мемлекеттік деректер базасы, бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі және басқалар). Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен мынадай көлемде, оның ішінде мына жылдар бо й ы н ш а қ а р а ж а т к ө з д е л е д і :

2001	жылы	-	100	млн.	теңге;
2002	жылы	-	1087,277	млн.	теңге;
2003	жылы	-	1210,0	млн.	теңге;
2004	жылы	-	1137,0	млн.	теңге;
2005	жылы	-	6301,8	млн.	теңге.

Бұл ретте Бағдарламаны қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын бо л а д ы . < * >

Ескерту. 7-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .

8. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны қаржыландыруды ҰАИ-ды қалыптастыру жөніндегі міндеттер кешенін шешуге шоғырландырылған қаражатты қамтамасыз ететін,

ақпараттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың біртұтас әкімшісі ретінде Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі жүзеге асыруға тиіс. <*>

Осы Бағдарламада белгіленген, ҰАИ-ды қалыптастыру мен дамыту жөніндегі барлық іс-шараларды іске асыру:

1) ақпараттық қызметтердің өркениетті нарығын қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етуге;

2) ақпараттандыру саласында бірыңғай нормативтік құқықтық базаны өз ірлеуге;

3) ашық жүйелердің халықаралық стандарттарын ескере отырып, ақпараттық ресурстар мен желілердің үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;
< * >

4) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың ақпаратты алу, тарату және пайдалану бостандығын құқығын қамтамасыз етуге;

5) ақпараттандыру жобалары мен бағдарламаларына отандық және шетелдік инвесторлардың қаражатын тартуға;

6) халықтың білімділік және ақпараттық мәдениеті деңгейін арттыруға;

7) отандық ақпараттық және бағдарламалық өнімдер мен қызметтердің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға;

8) мемлекеттік органдарды кешенді түрде ақпараттандыру арқылы мемлекеттік басқарудың пәрменділігін арттыруға;

9) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзуге және пайдалануға бөлінетін бюджет қаражатын неғұрлым тиімді жұмсауға мүмкіндік береді.

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді- ҚР Президентінің 2003.11.21. N 1232 жарлығымен .